

Телекоммуникациялық қызметтер көрсетуге ЖАРИЯ ШАРТ

Осы Телекоммуникациялық қызметтер көрсетуге арналған жария шарт (*бұдан әрі - Шарт*) бұдан әрі бірге «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті берген 06/05/2011 жылғы № 11000768 лицензиясы (*бұдан әрі - Лицензия*) негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын «Элитком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің осы Шарттың талаптарына қосылған, бұдан әрі «Абонент» деп аталатын тұлғаға телекоммуникациялық қызметтер көрсетуінің жалпы шарттарын айқындайды.

1. Шарттағы терминдер мен қысқартулардың түсіндірмесі

1.1. **Абоненттік төлемақы** - Оператор ұсынатын Қызметтер үшін ай сайынғы төлемақы.

1.2. **Шарт** - осы Шарттың барлық елеулі талаптары бойынша тараптардың келісімі.

1.3. **Берешек** - Абоненттің Оператор белгілеген мерзімде Қызметтерді пайдаланғаны үшін төлемеген ақшалай сомасы.

1.4. **Абонент** - кабельдік теледидар қызметін, Интернет Қызметін және осындай қызметтерді көрсету туралы шарт жасалған өзге де қызметтерді қосуды және көрсетуді пайдаланушы.

1.5. **Оператор** - «Элитком жауапкершілігі шектеулі серіктестігі».

1.6. **Жабдық** - кабельдік теледидар бағдарламаларының пакетін жаңғырту үшін қажетті техникалық сипаттағы құралдар.

1.7. **КТДЖ** - кабельдік теледидар желілері.

1.8. **Телекоммуникациялық қызметтер** - Оператор Абонентке ұсынатын кабельдік телевизия, интернет желісіне қол жеткізу қызметтері және Телекоммуникациялық қызметтер көрсетуге жасалған жария шарт негізінде өзге де қызметтер.

2. Шарттың мәні, оны Абоненттерге тарату талаптары

2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Оператор Абонентке осы Шарттың талаптарында телекоммуникациялық қызметтер (*бұдан әрі - Қызметтер*) көрсетеді, ал Абонент көрсетілген Қызметтерге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Қызметтер тізбесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Абоненттің Қызметтерді қосуға еркін білдіретін Жария Шартқа қосылу туралы өтініште (№ 1 қосымша) (*бұдан әрі - Өтініш*) көрсетіледі.

Көрсетілетін Қызметтердің мерзімдері мен тізбесін Абонент қосылу туралы өтініште (№ 1 қосымша) көрсетеді.

2.3. Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады. Шарттың талаптарын Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына және Лицензияларға сәйкес дербес белгілейді және Абонент тұтастай Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдайды. Абонент осы Шарттың талаптарымен келіспеген жағдайда, Абонент Операторға жазбаша бас тартуды (№ 2 қосымша) беру арқылы Шартты бұзуға құқылы.

2.4. Жаңа Абоненттің Өтінішке (№ 1 қосымша) қол қоюы оның Шарттың талаптарымен сөзсіз келісімін және оған тұтастай қосылуын білдіреді.

2.5. Шарт барлық Абоненттерге қолданылады және Абонентпен бұрын жасалған телекоммуникация қызметтерін көрсету туралы шартты алмастырады. Шарт күшіне енген күннен бастап Абонентке Қызметтер көрсету талаптары осы Шарттың талаптарына сәйкес айқындалады. Бұл ретте (қолданыстағы абоненттер үшін) Өтінішке қол қою/қайта қол қою

талап етілмейді. Шарттың талаптарымен келіспеген жағдайда (қолданыстағы абоненттер үшін) Абонент Шарттың Оператордың <http://www.elitecom.kz> сайтында бірінші жарияланған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Операторға Шарттың талаптарына қосылудан бас тарту туралы жазбаша хабарлауға құқылы. Операторға көрсетілген мерзімде Абоненттің Шарт талаптарына қосылудан бас тарту туралы өтінішінің түспеуі, сол сияқты Абоненттің осы Шартта көрсетілген талаптарды орындау бойынша іс-әрекеттер жасауы (Қызметтерді пайдалану, қызметтерді төлеу және т.б.) Абоненттің Шарт талаптарын сөзсіз қабылдауын және оның тұтастай Шартқа қосылуын білдіреді.

2.6. Шарт бойынша Абонент Қызметтерді таңдалған тарифтік жоспарға және Оператордың Қызметтер көрсету шарттарына сәйкес пайдаланады және осы Шартта көзделген тәртіппен және жағдайларда көрсетілетін Қызметтерге ақы төлейді. Толық сипаттамасы, қызмет көрсету тәртібі және қызмет көрсету тарифтері Оператордың <http://www.elitecom.kz> Интернет-ресурсында орналастырылған. Тарифтік жоспарлар Абонент пен Оператор арасындағы шарт талаптарының ажырамас бөлігі болып табылады.

2.7. Егер Оператор Шартта белгіленген тәртіппен Қызметтерге тарифтерді өзгерткен кезде Абонент оларды қолданысқа енгізудің белгіленген мерзімі өткенге дейін Операторға өзгертілген тарифтермен келіспейтіні туралы өтініш бермесе және Қызметтерді пайдалануды, көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеуді және т.б. жалғастырса, мұндай іс-әрекеттер Абоненттің осындай өзгерістермен келісімі болып табылады.

3. Шарттың күшіне енуі, Шарттың қолданылу мерзімі

3.1. Шарт Оператордың <http://www.elitecom.kz> Интернет-ресурсында (қолданыстағы абоненттер үшін) жарияланған күннен бастап не Абонент Өтініш берген күннен бастап (жаңа абоненттер үшін) 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді және заңнамада және Шартта көзделген тәртіппен ол бұзылғанға дейін қолданылады.

3.2. Абонент осы Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген талаптарды бұзған жағдайда, Оператор шартты біржақты тәртіппен бұзуы мүмкін.

3.3. Шартты бұзу күніне дейін Операторға көрсетілген Қызметтер үшін берешек төленген және абоненттік жабдық қайтарылған жағдайда, Шарт жазбаша нысанда (*Шартқа 2-қосымша*) көрсетілген Абоненттің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкін.

3.4. Оператор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып, Шарттың өзгертілген редакциясы Оператордың <http://www.elitecom.kz> сайтында осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енген күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей орналастыру жолымен Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізе алады. Абонент өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда, осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар күшіне енген күнге дейін Операторға жазбаша өтініш жібере отырып, Шарттан бас тартуға құқылы.

4. Көрсетілетін Қызметтер үшін ақы төлеу тәртібі, мерзімдері

4.1. Қызметтер алдын ала 100% төлеу шартымен ұсынылады. Абонент ұсынылатын Қызметтер үшін тіркелген абоненттік төлемақыны ағымдағы айдың 25 (жиырма бесінен) кешіктірмей жүргізуі тиіс.

4.2. Абоненттің бастамасы бойынша Шарт бұзылған кезде алдын ала төлем сомасы азайту, ұзарту жағына қарай қайта есептелуге, қайтарылуға жатпайды.

4.3. Абонентті ескертусіз Қызметтер көрсетуді ажырату, тоқтату (нақты ажырату, Жабдықты бөлшектеу) осы Шарттың талаптарын және ол белгілеген мерзімдерді орындауды қамтамасыз ету үшін Абонент берешекті өтемеген жағдайда жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Абоненттік төлемақы Қызметтерді ұсыну тоқтатылған сәтке дейін есептеледі. Қызметтерді ұсыну Абонент Берешекті өтеген және Оператордың

<http://www.elitecom.kz> сайтында орналастырылған қолданыстағы тарифтерге сәйкес қайта қосылу құнын төлеген жағдайда қайта басталады. Қызметтерді пайдаланғаны үшін абоненттік төлемақы бойынша берешек сомасын, сондай-ақ қайтарылмаған (жоғалған Жабдықтың) құнын Оператор сот тәртібімен өндіріп алуы мүмкін.

4.4. Оператордың Абонент:

- а) - жалған немесе дұрыс емес ақпарат берген;
- б) - Оператордың Қызметтерін немесе Жабдықтарын оларды пайдалану және қолдану ережелерін бұза отырып, сол арқылы Операторға залал келтіре отырып пайдаланған;
- в) - қызметтерді немесе Жабдықтарды үшінші тұлғаларға заңсыз беру үшін пайдаланған;
- г) - 2 (екі) ай ішінде төлемақы төлемеген жағдайларда Абонентке ескертпей Қызметтер ұсынуды тоқтата тұруға, тоқтатуға құқығы бар.

4.5. Қызмет көрсету Абоненттің жазбаша өтініші бойынша 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге уақытша тоқтатыла тұруы мүмкін. Уақытша тоқтата тұру кезеңінде абоненттік төлемақы есептелмейді.

4.6. Техникалық ақауларды жою кезеңінде (Абоненттен өтінім алған сәттен бастап 48 сағат) абоненттік төлемақы есептеледі.

4.7. Абонент Жабдықтың толық құнын төлегеннен кейін Абонент таңдаған тарифтік жоспарға сәйкес Абоненттің пәтерінде орнатылған жабдық оның меншігі болып табылады.

4.8. Абоненттің қалауы бойынша Оператордың мынадай қосымша қызметтер мен жұмыстарды Оператордың қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жекелей ақы үшін орындауы мүмкін:

- кабель төсеу,
- қосымша тармақтағыштарды, ажыратқыштарды орнату, баптау және т.б.

5. Телекоммуникациялық қызметтерді қосқаны және көрсеткені үшін Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Оператордың міндеттері:

5.1.1. Абонент қосылу туралы өтініш берген және Қызметтерге толық ақы төлеген сәттен бастап 10 күн ішінде телекоммуникациялық қызметтерді қосуды жүргізу немесе Абонентке бас тарту себептерін көрсете отырып, тиісті бас тартуды беру.

5.1.2. Оператор Абонентті Оператордың ақпараттық арнасы арқылы оларды өткізуге дейін кемінде 24 сағат бұрын хабардар ететін Жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және КТДЖ жөндеу-сервистік жұмыстар кестесіне сәйкес жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды жүргізуді қоспағанда, Абонентке тәулік бойы Қызметтер көрсету. Аталған тәсілмен орындалған жұмыстардың осы түрлерін жүргізу туралы хабарламаларды Абонент алған болып есептеледі.

5.1.3. Оператордың ақпараттық арнасы (Элит-ТВ) арқылы абонентке бағдарламалар пакетінің құрамының өзгергені туралы, сондай-ақ абоненттік төлемақы мөлшерінің өзгеруі туралы алдағы өзгеріске дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлау. Көрсетілген тәсілмен орындалған алдағы өзгерістер туралы хабарламаларды Абонент алған болып есептеледі. Тиісті өзгерістерді көздейтін қосымша құжаттарға қол қою талап етілмейді.

5.1.4. Теледидар сигналы, Интернет желісі жоғалған немесе бір немесе бірнеше арналар бойынша сапасы нашарлаған жағдайда, Абоненттен жоспардан тыс жөндеу жүргізуге өтінімдер қабылдау және Абоненттен өтінім алған сәттен бастап 48 сағат ішінде ақаулықты жою.

5.1.5. ұсынылатын Қызметтердің санын есепке алуды және сапасын бақылауды жүргізу, бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдау.

5.1.6. Абонентке оны Кабельдік теледидар, Интернет қызметіне қосу процесінде қосымша жұмыстарды орындауды талап ететін туындайтын қиындықтар туралы хабарлау;

5.1.7. Абонент таңдаған тарифтік жоспардың шарттарына сәйкес деректерді берудің жылдамдығын деректерді берудің меншікті торабына дейін қамтамасыз ету;

5.1.8. 615-600, 905-001, 905-002 телефондары бойынша Қолдау қызметінің телефондық консультацияларын алу мүмкіндігін беру.

5.1.9. Шарт бойынша қызметтерге уақтылы ақы төлемегені үшін Қызметтерге қол жеткізу жабылған кезде Абоненттің жеке шотындағы берешекті өтеу сәтінен бастап 24 (жиырма төрт сағат) ішінде қол жеткізуді ашу;

5.1.10. үшінші тұлғалардың ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай ақпаратқа рұқсаты болған, сондай-ақ Абоненттің көрсетілген деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімі болған жағдайларды қоспағанда, Абоненттің есептік деректерін үшінші тұлғаларға жария етпеу.

5.1.11. Абоненттің - Қолдау қызметінің телефондары бойынша ауызша нысандағы, сервистің меншікті желісінің пункттері арқылы жазбаша нысандағы өтініші бойынша Оператордың жауапкершілік аймағындағы барлық бүлінулерді жою;

5.1.12. ресімделген өтініш шарттарының негізінде Интернет қызметтері орнатылған мекенжай бойынша абоненттік жабдықты баптауды жүзеге асыру және Интернет қызметінің жұмыс қабілеттілігін көрсету;

5.1.13. Интернет Қызметіне өз бетінше қосылу мүмкін еместігі туралы Абоненттің өтініші бойынша Абоненттің Интернет қызметіне қосылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың аяқталғаны туралы Операторды хабардар еткеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Интернет Қызметін орнату мекенжайы бойынша абоненттік жабдықты баптау жөнінде шаралар қабылдау және Интернет қызметінің жұмыс қабілеттілігін көрсету;

5.1.14. абоненттік терминалдың іс жүзіндегі әрекетсіздігі не Интернет Қызметінің Абоненттің кінәсіз болмауы кезеңінде ай сайынғы төлемақының тіркелген сомасын қайта есептеуді жүргізу;

5.2. Оператордың құқықтары:

5.2.1. Оператор Шарттың талаптарын өзгертуге, оның ішінде өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Оператордың ақпараттық арнасында және <http://www.elitecom.kz> Интернет-ресурсында хабарламаларды жариялай отырып, қолданыстағы тарифтерді өзгертуге құқылы.

5.2.2. деректерді беру желісі жаңғыртылған, Интернет Қызметін көрсету технологияларына өзгерістер енгізілген жағдайда, Оператор Абонентті осындай қайта қосуға дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлай отырып, Интернет қызметінен оптикалық-талшықты байланыс желісі бойынша Интернет желісіне қол жеткізу қызметтеріне ауыстыруға құқылы.

5.2.3. Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаның пайдасына беру.

5.3. Абоненттің міндеттері:

5.3.1. Оператордың тарифтерінде көзделген барлық төлемдерді осы Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімде жүргізу.

Жабдықтар ұрланған (жоғалған) немесе бүлінген жағдайда, Операторға осы факті туралы дереу жазбаша хабарлау және Операторға Абоненттен Жабдықты ұрлау (жоғалту) немесе бүлдіру туралы хабарлама алғанға дейін берілген Қызметтер үшін барлық төлемдерді жүргізу. Операторды жазбаша хабардар етпей ішкі істер органдарына Жабдықты ұрлануы (жоғалуы) немесе бүлінуі туралы хабарлау Абонентті Қызметтер үшін ақы төлеуден босатпайды.

5.3.2. Жабдықты пайдалану бойынша ережелердің сақталуына жеке жауапкершілік көтеру. Жабдықтың туындаған ақауларын жою бойынша дербес шаралар қабылдау, Жабдықты ашпау, механикалық зақымдануларға жол бермеу және оның алғашқы орнатылған орнынан жылжитпау.

5.3.3. Қызметтер мен Жабдықтарды жеке пайда (коммерциялық мүдде) алу мақсатында пайдаланбау.

5.3.4. Мекенжайы немесе басқа сауалнама деректері өзгерген кезде Абонент 5 күндік мерзімде бұл туралы Операторға жазбаша хабарлауға міндетті. Абонент осы талапты сақтамау нәтижесінде туындаған зардаптар үшін жауапты болады.

5.3.5. ПИК-мен қарым-қатынастарды реттеуге байланысты мәселелерді дербес шешу.

5.3.6. Осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін үшінші тұлғаларға қайта сатпау немесе бермеу.

5.3.7. Көрсетілетін қызметтер шеңберінде Оператордың өкілдеріне тұрғын үй-жайға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

5.3.8. Қызметтерді Операторға, оның қызметкерлеріне, үшінші тұлғаларға залал келтіретіндей, Қызметтерді басқа Абоненттерге қалыпты пайдалануға кедергі келтіретіндей етіп пайдаланбау.

5.3.9. Қызметті пайдалану шарттарында кабельдік теледидар, Интернет желісі қызметтері және басқа да қызметтер Абоненттің бастамасы бойынша алдын ала белгіленген мерзімнен кем емес мерзімге мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Шартты бұзу сәтінде қолданыстағы преискурантқа сәйкес пайдалануға кепілдік берілген мерзімсіз осындай Қызметтер пакетінің абоненттік төлемақы айырмасын нақты пайдаланылған кезең үшін өтеу.

5.3.10. Абонентті Интернет Қызметіне қосуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың аяқталғаны туралы Операторға хабарлағаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей Интернет Қызметін пайдалану арқылы Авторланудан өту жолымен Интернет Қызметіне Абоненттің телефон желісін пайдалана отырып қосылу;

5.3.11. Абонентті Интернет Қызметіне қосуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың аяқталғаны туралы Операторға хабарлағаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде Операторға Кабельдік теледидар, Интернет Қызметін өз бетінше қосудың мүмкін еместігі туралы хабарлау;

5.3.12. есептік деректердің құпиясын және желілік ресурстарды баптау жөніндегі тиісті шараларды, оның ішінде Интернетке қол жеткізу үшін парольді және Жеке кабинетке қол жеткізу үшін парольді тұрақты түрде (айына кемінде 1 рет) өзгертуді қамтамасыз ету, бұл көрсетілген деректерді үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануына кедергі келтіреді.

5.3.13. Интернет қызметіне қойылатын техникалық талаптарды қанағаттандыратын ұсынылатын модемдер тізбесіне сәйкес жергілікті телекоммуникация желілерінің желісіне абоненттік жабдықты (ADSL-модем) қосу.

5.3.14. Оператордың қызметтерін пайдалану кезінде туындаған ақаулар туралы Операторға хабарлау;

5.3.15. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ халықаралық заңнаманың талаптарына сәйкес таратуға тыйым салынған ақпаратты Оператордың желісі бойынша жібермеу;

5.3.16. ақпараттық арнада және Оператордың сайтында Интернет Қызметін ұсынудың жаңа шарттарын енгізу туралы және тарифтердің өзгеруі туралы хабарламалардың болуын үнемі тексеру;

5.3.17. Интернет Қызметінен бас тартқан жағдайда, бас тартудың болжамды күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Операторды хабардар ету;

5.3.18. Интернет Қызметі иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің рұқсатынсыз Интернет Қызметі арқылы авторлық немесе басқа құқықтармен толық немесе ішінара қорғалған бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе басқа да материалдарды жібермеу, жарияламау, бермеу, қайта жаңғыртпау және таратпау;

5.3.19. TCP/IP желісіндегі торапты (компьютер немесе құрылғы, мысалы, принтер немесе маршрутизатор) бірегей сәйкестендіретін 32-разрядты нөмірді (бұдан әрі – IP-адрес) және басқа желілік хаттамаларда пайдаланылатын мекенжайларды, сондай-ақ Оператордың желісіне деректерді беру кезінде өзге де қызметтік ақпаратты бұрмалау;

5.3.20. Оператордың жабдығын немесе бағдарламалық қамтамасыз етуін баптауды өзгерту мақсатында іс-әрекеттерді немесе олардың жұмысында ақауларға әкеп соғуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырмау;

5.3.21. Оператор желісінің ресурстарына рұқсатсыз қол жеткізу, желілік шабуылдарды және желілік бұзуды жасау немесе қатысу фактілеріне жол бермеу, оның ішінде:

- Абонентке тиесілі емес Оператор желісі элементтерінің (компьютерлердің, басқа жабдықтың немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің) қалыпты жұмыс істеуін бұзуға бағытталған іс-қимылдар;

- Оператор желісінің ресурсына (компьютерге, басқа жабдыққа немесе ақпараттық ресурсқа) рұқсатсыз, оның ішінде артықшылықты қол жеткізуге, сондай-ақ осы бағдарламалық қамтамасыз ету иелерінің немесе осы ақпараттық ресурстың әкімшілерінің келісімінсіз осындай қолжетімділікті кейіннен пайдалануға (бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе Абонентке тиесілі емес деректерді жоюға немесе түрлендіруге) бағытталған іс-қимылдар;

- желілердің байланыстылығын және оның жекелеген элементтерінің қолжетімділігін тексеру үшін қажетті ең аз көлемнен асатын көлемде осы жабдыққа паразиттік жүктеме туғызатын мәнсіз немесе пайдасыз ақпаратты Оператордың желісінің жабдығына беру.

6. Қызметтердің қосылуы және көрсетілуі үшін Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Оператор:

6.1.1. Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындамағаны;

6.1.2. Абонент таңдаған тарифтік жоспардың шарттарына сәйкес деректерді берудің жеке торабына дейін деректерді беру жылдамдығы мен сапасы **үшін жауапкершілік көтереді.**

6.2. Оператор:

6.2.1. егер жергілікті телекоммуникация желілеріне қосылған абоненттік жабдық қолдануға ұсынылған жабдықтар тізіміне енгізілмесе, деректерді беру жылдамдығы мен сапасы;

6.2.2. Кабельдік теледидар, Интернет Қызметтерін пайдалану нәтижесінде Абонент шеккен залалдар;

6.2.3. Абонентке Интернет Қызметін ұсыну салдарынан туындаған Абонент үшін ықтимал жағымсыз салдарлар;

6.2.4. Операторға тиесілі емес бағдарламалық қамтамасыз ету немесе жабдықтар істен шыққан жағдайда Интернет Қызметін ұсынудағы үзілістер;

6.2.5. үшінші тараптар әкімшілендіретін дүниежүзілік Интернет желісінің жекелеген тараптарының немесе ресурстарының қол жетімсіздігі. Мұндай қол жетпеушілік жағдайлары байланыс үзілістері болып табылмайды;

6.2.6. Интернет Қызметін алу үшін пайдаланылатын Абоненттің жабдығы мен бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6.2.7. Абонент телефон желісінен төлемегені үшін ажыратылған жағдайда Интернет Қызметін көрсетуді тоқтату **үшін жауапкершілік көтереді.**

6.3. Оператор Абоненттің есептік деректерін үшінші тұлғалардың деректерді беру желісінде жұмыс істеу үшін пайдалануы нәтижесінде Абонент пен үшінші тұлғалар арасында туындаған даулар бойынша жауапты болмайды және егер Абонент пен үшінші тұлғалар арасында мұндай дау туындаса, оларды шешпейді.

6.4 Абонент:

6.4.1. Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндеттемелерді орындау;

6.4.2. Абоненттің есептік деректерін үшінші тұлғалардың пайдалануы **үшін жауапкершілік көтереді.**

6.4.3. Абонент ұсынылған шотқа сәйкес Шарт бойынша қызметтерге ақы төлеуді кешіктірген жағдайда, Оператор Абоненттің Қызметтерге қол жеткізуін тоқтата тұрады. Бұл ретте Қызметтерге қол жеткізуді қайта бастау берешекті толық көлемде өтегеннен кейін немесе Шарт талаптарының бұзылуы жойылған кезде жүргізіледі. Оператор Абоненттің Интернет Қызметіне қол жеткізуін тоқтата тұрған сәттен бастап 10 күнтізбелік

күн ішінде оған алдағы уақытта Шартты бұзу туралы хабарлама жіберуге және 30 күнтізбелік күн өткен соң Шартты біржақты тәртіппен бұзуға міндетті.

7. Өзге де шарттар

7.1. Тараптардың Шарттан туындайтын және ол реттемеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

7.2. Қызметтер көрсету тиісті өтініште көрсетілген күннен бастап не Оператордың Абоненттің көрсетілген Қызметтер үшін төлемдердің мерзімін өткізіп алуына байланысты Қызметтер көрсетуді тоқтату туралы шешім қабылдауы салдарынан тоқтатылады. Қызмет көрсету тоқтатылғаннан кейін Шарт Абоненттің пайда болған берешекті, өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) төлеу және Оператор жауапты сақтау немесе жалдау шарттарында ұсынған Жабдықты қайтару жөніндегі міндеттемелері бөлігінде - Жабдықты тапсырған немесе оның толық құнын төлеген және Абонент пайда болған берешекті, өсімпұлды (тұрақсыздық айыбын) өтеген күнге дейін қолданылуын жалғастырады.

7.3. Шарттан туындайтын даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының соттарында шешілуге тиіс.

7.4. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және осы Шарттың талаптарын ескере отырып, Абонент ұсынған мәліметтерге қатысты құпиялылықтың сақталуын қамтамасыз етеді.

8. Оператордың деректемелері

Оператор: «Элитком» ЖШС

СТН 620200253594

БСН 050440007723

БСК КСJBKZKX

е/шоты KZ238560000000445779

Телекоммуникациялық қызметтер
көрсетуге арналған

20__ жылғы «__» _____

№ _____

жария шартқа № 1 қосымша

Толтырылған күні

20__ жылғы «__» _____

**Қызметтерді қосу туралы
өтініш**

Аты-жөні		
Туған күні	«__» _____ ЖЫЛ.	
Жеке куәлік/паспорт (нөмірі, берілген күні, кім берді)		
Байланыс телефоны		
E-mail		
Қосу нүктесінің мекенжайы (қала/кент, көше, үй нөмірі)	_____	
Резидент (белгі қою)	(иә ___);	жоқ (___)
Жеке шот №	_____	
Үй-жайдың тиесілігі (белгі қою)	Жеке _____	Жалға алынатын _____

Осы өтінішке қол қоя отырып, мен таныстым, <http://www.elitecom.kz> Интернет-ресурсында орналастырылған «Элитком» ЖШС-нің Жария шартының талаптарымен таныстым, келісемін және қосыламын, сондай-ақ Жария Шарт шеңберінде телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну үшін қажетті дербес деректерді жинауға, сақтауға және беруге келісім беремін.

Мына қызметтерді қосуыңызды сұраймын:

ҚЫЗМЕТ	(қажеттісін белгілеңіз)	ҚЫЗМЕТ	(қажеттісін белгілеңіз)
ТЕЛЕФОНИЯ		АҚЫЛЫ ТЕЛЕДИДАР	
Телефония		iD TV	
iD Phone		Кабельдік теледидар	
ИНТЕРНЕТ			
GPON			
ADSL			

(Аты-жөні)

Клиенттің қолы _____

Телекоммуникациялық қызметтер
көрсетуге арналған

20__ жылғы «__» _____

№ _____

жария шартқа № 2 қосымша

Қызметтерден бас тартуға ӨТІНІШ БЛАНКІСІ

Абонент _____
(абоненттің аты-жөні) жеке шотының нөмірі _____.

Жеке шотқа қосылған қызметті(терді) көрсетуді мына себептерге байланысты тоқтатуды сұраймын:

«Элитком» ЖШС-мен шартты бұзу;

мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметтердің бір бөлігінен бас тарту.

ҚЫЗМЕТ	Қызметтен бас тартамын (қажеттісін белгілеңіз)	ҚЫЗМЕТ	Қызметтен бас тартамын (қажеттісін белгілеңіз)
ТЕЛЕФОНИЯ		АҚЫЛЫ ТЕЛЕДИДАР	
Телефония		iD TV	
iD Phone		Кабельдік теледидар	
ИНТЕРНЕТ			
GPON			
ADSL			
		ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР	
		ҚҚТ	

Қызметтерден бас тарту себептері:

Мен жоғарыда аталған қызметтерге қол жеткізу 20__ жылғы «__» _____ бастап тоқтатылатындығымен таныстым және келісемін.

Қосымша есептелмеген берешек фактісі анықталған жағдайда, қызмет көрсетуден бас тартқан/Шартты бұзған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзім ішінде қосымша есептелмеген соманы төлеуге міндеттенемін.

Оператор:	Абонент:
«Элитком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	_____
Директор В.С. Лим _____	Аты-жөні _____